

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы № 88 шешімін және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 28 шешімін іске асыру туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 1 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі шешті:

1. Тараптардың айтқан позицияларын ескере отырып, "Табиғи үлбірден жасалған киім, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісім жобасы (қоса беріліп отыр) негізінен мақұлдансын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден 2015 жылғы мамырда Келісімге қол қоюды меңзей отырып, осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген Келісім жобасын мемлекетішілік келісуді 2015 жығы 1 сәуірге дейін жүргізуді өтінсін және Еуразиялық экономикалық комиссияға осындай келісудің нәтижелері туралы хабардар етсін.

3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде жеңіл өнеркәсіп тауарларын таңбалау жүйесін қалыптастыру жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының басшылары Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп, мыналарды:

жеңіл өнеркәсіп өнімінің жекелеген түрлерін таңбалаудың ақпараттық жүйесін құруға арналған техникалық тапсырма жобасын және "Табиғи үлбірден жасалған киім, киімге керек-жарақтар және басқа да бұйымдар" тауар позициясы бойынша өнімді таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асырудың жоспар-кестесінің жобасын келісуді бақылауды;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің қарауына көрсетілген құжаттарды енгізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения*  
*Республикасынан*  
*В. Габриелян*

*Беларусь*  
*Республикасынан*  
*В. Матюшевский*

*Қазақстан Республикасын*  
*ан*  
*Б. Сағынтаев*

*Ресей Федерациясынан*  
*И. Шувалов*

**"Табиғи үлбірден жасалған киім, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015-2016 жылдары іске асыру туралы**  
**КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы,

контрафактілік тауарлардан өз азаматтарының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) ішкі нарығында тауарлар айналымын тәртіпке келтіру қажеттігін негізге ала отырып,

осындай тауарлардың заңсыз айналымынан тауарларды шығару салаларына келтірілетін залалды барынша азайтуға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаты үшін мынадай терминдер пайдаланылады:

"күзыретті орган" – Тараптар мемлекетінің заңнамасына сәйкес:

оларға қатысты бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау туралы шешім қабылданған тауарлар айналымына бақылау жасауды;

тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуін;

Одаққа мүше мемлекеттің атқарушы билік органдарының оларға қатысты бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау туралы шешім қабылданған тауарлар айналымына бақылау жасау жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз етуге уәкілеттік берілген Одаққа мүше мемлекеттің атқарушы билік органы;

"бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау" – бекітілген үлгідегі бақылау (сәйкестендіру) белгілерін тауарларға салу;

"көтерме сауда" – тауарларды кәсіпкерлік қызметте (оның ішінде қайта сату үшін) немесе жеке, отбасылық, тұрмыстық және өзге де осындай пайдаланумен байланысты емес өзге де мақсаттарда пайдалану үшін оларды сатып алуға және сатуға байланысты сауда қызметі түрі;

"бөлшек сауда" – тауарларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке, отбасылық, тұрмыстық және өзге де мақсаттарда пайдалану үшін оларды сатып алуға және сатуға байланысты сауда қызметі түрі;

"тауарлар айналымы" – оларға қатысты бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау туралы шешім қабылданған тауарларды Одаққа мүше мемлекеттердің аумағында шығару, әкелу, сатып алу және өткізу (сату);

"тауарлар" – "Табиғи үлбірден жасалған киім, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" ЕАЭО СЭҚ ТН тауар позициясына енгізілген, табиғи үлбірден жасалған

киім түрінде бірге тігілген және тондарға жатқызылған, оларға қатысты бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау туралы шешім қабылданған, табиғи үлбірден жасалған дайын бұйымдар мен олардың бөліктері;

"сауда қызметі" (сонымен қатар бұдан әрі – сауда) – тауарларды сатып алуға және сатуға байланысты кәсіпкерлік қызмет түрі;

"тауарлармен трансшекаралық сауда" – бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағында тауарлардың көтерме саудасы.

## **2-бап**

Осы Келісім тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен (бұдан әрі – бақылау белгілері) таңбалауды енгізу тәртібін айқындайды.

Осы Келісімнің күші кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шеңберінде тауарлар айналымын және (немесе) осындай тауарларды сақтауды, тасымалдауды және пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғаларға қолданылады.

## **3-бап**

1. Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі (бұдан әрі – Комиссия) консенсуспен "Табиғи үлбірден жасалған киім, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" ЕАЭО СЭҚ ТН тауар позициясына сәйкес табиғи үлбірден жасалған киім түрінде бірге тігілген және тондарға жатқызылған, бақылау белгілерімен таңбалауға жататын, табиғи үлбірден жасалған тауарлар мен олардың бөліктерінің тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) бекітеді.

2. Тауарларды Тізбеге енгізу туралы шешім ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 180 күн өткеннен кейін күшіне енеді. Тізбеден тауарды алып тастау туралы шешім 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 1-қосымшаның 16-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

3. Тарап заңнамасында көзделген және Тізбеге енгізілмеген тауарларды Тараптар осы Тараптың заңнамасында белгіленген тәртіппен таңбалауды жүзеге асыра алады.

4. Осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Одақтың кедендік аумағына (бұдан әрі – Одақ аумағы) әкелінген және (немесе) Одақтың аумағында шығарылған, Тізбеге енгізілген тауарлар бақылау белгілерімен таңбаланады.

Тізбеге енгізілген тауарларды Одақ аумағының шегінен тыс жерде бақылау белгілерімен таңбалауға жол беріледі.

5. Тізбені бекіту және (немесе) өзгерту туралы шешім күшіне енген күннен бастап:

а) тізбесін Комиссия айқындайтын тауарларды осы Келісімнің 6-бабының 6-тармағына сәйкес айқындалған мамандандырылған қойма үй-жайларына тасымалдауды және онда сақтауды қоспағанда, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің Тізбеде

көрсетілген тауарларды бақылау белгілерінсіз не белгіленген тәртіпті бұза отырып, оларға салынған бақылау белгілерімен Одаққа мүше мемлекеттердің аумағында сатып алуына, сақтауына, пайдалануына, тасымалдауына және сатуына тыйым салынады;

б) осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тізбеге енгізілген тауарларды кедендік кері импорт рәсімдеріне орналастыру және ішкі тұтыну үшін шығару осындай тауарларда бақылау белгілері болған кезде жүзеге асырылады.

Таңбалау тауарлар ішкі тұтыну үшін шығарылғаннан кейін осы Келісімнің 6-бабының 6-тармағына сәйкес айқындалған мамандандырылған қойма үй-жайларында жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарлар шығарылғаннан кейін оларды таңбалау жүргізілген жағдайда, пайдалануында, иелігінде немесе билігінде әкелінген тауарлар бар тұлға 30 күн ішінде осы тауарларды таңбалауды жүзеге асыруға және осындай тауарлар шығаруды жүзеге асырған кеден органына салынған бақылау (сәйкестендіру) белгілері туралы мәліметтер жіберуге міндетті.

6. Тізбеге енгізілген тауарларды бақылау белгілерімен таңбалау жөніндегі талаптар:

а) тауарларды Одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкету кезінде оларды тасымалдауға;

б) тауарларды кедендік бақылаумен тасымалдауға;

в) техникалық нормалау және стандарттау саласындағы техникалық нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында сынақтан өткізуге арналған тауарлар сынамалары мен үлгілерін техникалық нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген қажетті мөлшерде тасымалдауға және сақтауға;

г) халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерді ұйымдастырушылар және оларға қатысушылар Одақтың кедендік аумағына үлгілер мен экспонаттар ретінде әкелген тауарларға;

д) шет мемлекеттер дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, өзге де ресми өкілдіктерінің, халықаралық ұйымдар, мемлекетаралық білім беру өкілдіктері мен органдарының ресми пайдалануына арналған тауарларға;

е) Тараптардың заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген шетелдік өтеусіз (гуманитарлық) көмек болып табылатын тауарларға;

ж) тауарлардың қайтарылғанын растайтын құжаттар болған кезде Тараптардың заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылатын бөлшек сауда шеңберінде сатып алынған және сатып алушылар сатушыларға қайтарған тауарларды тасымалдауға және сақтауға;

з) тауарларды бажсыз сауда дүкендерінде өткізуге (сатуға);

и) кедендік бақылау аймақтарында, уақытша сақтау қоймаларында және кеден қоймаларында кедендік бақылаудағы тауарларды сақтауға;

к) тауарларды өндірушілердің өздерінің сақтауына және пайдалануына қолданылмайды. Тауарларды өндірушілерге Одақтың кедендік аумағына әкелінген және оның аумағында сатып алынған тауарларды тұтынушы ыдысына (қаптамасына)

қаптауды (қайта қаптауды) жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер теңестіріледі;

л) Тараптың заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылатын, дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған шарттар негізінде тауарлармен комиссиялық сауданы жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің тауарларды осындай тауарларды сатуға ұсынғанға дейін, оның ішінде оларды сату орнына қойғанға, сату орнында олардың үлгілерін көрсеткенге немесе олар туралы мәліметтер бергенге дейін сақтауына;

м) алып қойылған, тыйым салынған, тәркіленген не өзге тәсілмен мемлекет кірісіне айналдырылған тауарларды және орындалмаған салық міндеттемесі, төленбеген өсімпұлдар есебіне өндіріп алуға қойылған тауарларды сатып алуға, сақтауға, пайдалануға, тасымалдауға және сатуға;

н) мемлекеттік қажеттіліктер үшін әкелінген және шығарылған тауарларға;

о) жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкелінген және бөлшек сауда шеңберінде сатып алынған тауарларды жеке тұлғалардың тасымалдауына, сақтауына және пайдалануына қолданылмайды.

#### **4-бап**

Тізбені бекіту және (немесе) өзгерту туралы шешім күшіне енген күннен бастап:

а) Тараптардың заңды тұлғалары мен дара кәсіпкерлеріне бақылау белгілерін жасауды және өткізуді жүзеге асыратын ұйымдар аумағында заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер тіркелген Тараптың құзыретті органына жасалған және өткізілген бақылау белгілері туралы электрондық түрде ақпарат береді;

б) Тізбеге енгізілген тауарларды әкелуді және (немесе) шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер осындай тауарларды бақылау белгілерімен таңбалайды және өздері аумағында тіркелген Тараптың құзыретті органына бақылау белгілерін пайдаланғаны туралы электрондық түрде ақпарат береді;

в) Тізбеге енгізілген тауарлармен трансшекаралық сауданы жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер, өздері аумағында тіркелген Тараптың құзыретті органына осындай сауда шеңберінде сатып алынған тауарға салынған бақылау белгілері туралы электрондық түрде ақпарат береді;

г) жаңа тауарлар Тізбеге енгізілген кезде осындай тауарлармен көтерме және (немесе) бөлшек сауданы жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер, өздері аумағында тіркелген Тараптың заңнамасында белгіленген тәртіппен осындай тауарлардың қалдықтарын бақылау белгілерімен таңбалайды және өздері аумағында тіркелген Тараптың құзыретті органына тауарға салынған бақылау белгілері туралы электрондық түрде ақпарат береді;

д) сатып алушылар қайтарған тауарлармен сауданы және (немесе) дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған комиссия шарттары негізінде

тауарлармен комиссиялық сауданы жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер бұл тауарларды сатуға ұсынғанға дейін, оның ішінде оларды сату орнына қойғанға, сату орнында олардың үлгілерін көрсеткенге немесе олар туралы мәліметтерді бергенге дейін осындай тауарларды бақылау белгілерімен таңбалайды және өздері аумағында тіркелген Тараптың құзыретті органына бақылау белгілерін пайдаланғаны туралы электрондық түрде ақпарат береді;

е) Тізбеге енгізілген тауарлармен бөлшек сауданы жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер өздері аумағында тіркелген Тараптың құзыретті органына, егер мұндай ақпарат беру өздері аумағында тіркелген Тараптың заңнамасында көзделген жағдайда, мұндай сауда шеңберінде өткізілген (сатылған) тауарға салынған бақылау белгілері туралы электрондық түрде ақпарат береді.

## **5-бап**

1. Тараптардың құзыретті органдары Тараптардың өзге де бақылау және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымын, олардың сақталуын, тасымалдануын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

2. Траншекаралық сауда кезінде осы Келісімнің орындалуын мониторингілеуді және бақылауды, Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымын бақылауды іске асыру мақсатында Тараптардың құзыретті органдарының арасында, сондай-ақ Тараптардың құзыретті органдары мен Комиссияның арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жасау қамтамасыз етіледі.

3. Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымын, олардың сақталуын, тасымалдануын және пайдаланылуын бақылауды іске асыру мақсатында Тараптар ұлттық заңнамада:

Одақ аумағында заңды тұлға мен дара кәсіпкердің бақылау белгілерінсіз Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымы, оларды сақтағаны, тасымалдағаны және пайдаланғаны үшін;

б) Одақ аумағында заңды тұлға мен дара кәсіпкердің белгіленген тәртіпті бұза отырып бақылау белгілері салынған, Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымы, оларды сақтағаны, тасымалдағаны және пайдаланғаны үшін жауаптылықты көздейді.

## **6-бап**

1. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Тараптар Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасына құзыретті органдар туралы ақпарат береді.

2. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік \_\_\_\_\_ күн ішінде Комиссия консенсуспен:

а) бақылау белгісінің сипаттамасын, оны салу тәртібін, сондай-ақ бақылау белгілерін қамтитын ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарды;

б) Тізбеге енгізілген тауарларға салынған бақылау белгілерін есепке алудың ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды;

в) Тараптардың заңды тұлғалары мен дара кәсіпкерлеріне бақылау белгілерін жасауды және өткізуді жүзеге асыратын ұйымдар өз Тараптарының құзыретті органдарына беретін ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оны беру мерзімдерін;

г) Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымын жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер өз Тараптарының құзыретті органдарына беретін ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оны беру мерзімдерін;

д) Тараптардың құзыретті органдары мен Комиссияның өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ осы Келісімнің орындалуын мониторингілеуді және бақылауды, сондай-ақ Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымын, олардың сақталуын, тасымалдануын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың құзыретті органдары мен Комиссияның арасында берілетін ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарды бекітеді.

3. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік \_\_\_\_\_ күн ішінде Тараптар бақылау белгілерін өткізу және есепке алу тәртібін айқындайды.

4. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік \_\_\_\_\_ күн ішінде Тараптар Комиссия бекіткен талаптарға сәйкес Тізбеге енгізілген тауарларға салынған бақылау белгілерін есепке алудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

5. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік \_\_\_\_\_ күн ішінде Тараптардың құзыретті органдары заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге тауарларды таңбалауға арналған бақылау белгілерін жасауды және өткізуді жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімдерін қалыптастырады.

6. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік \_\_\_\_\_ күн ішінде Тараптар Тізбеге енгізілген тауарларды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге тауарларды ішкі тұтыну үшін шығарғаннан кейін оларды бақылау белгілерімен таңбалауына рұқсат етілетін мамандандырылған қойма үй-жайларына қойылатын талаптарды белгілейді және (немесе) осындай қойма үй-жайларының тізбесін айқындайды.

## **7-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер Тараптар дауды бір Тарап екінші Тарапқа жіберген келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтіну келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде реттемесе, онда даудың кез келген Тарапы осы дауды қарау үшін Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына береді.

## 8-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

## 9-бап

Осы Келісім депозитарий осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жібереді.

*Армения Республикасы* үшін      *Беларусь Республикасы* үшін      *Қазақстан Республикасы* үшін      *Ресей Федерациясы* үшін